

**Қарағанды техникалық университеті**  
**«Кәсіптік білім және педагогика» кафедрасы**  
**В. И. Лениннің басшылығымен Ә. Ермаковтың қатысуымен ҚазКСР**  
**шекаралары бойынша өткен кеңестің 100 жылдығына арналған**  
**дөңгелек үстел**

**Өткізілген күні:** 25.09.2020

**Топ:** ПО-19-1,2 (15 ад.), ПО17-1,2 (12 ад.)

**Кіріспе сөз:** топ кураторы Нурмаганбетова Маншук Сейтовна ПО-19-1,2,  
топ кураторы Умирбекова Меруерт Абеуовна ПО-17-1,2

### **Презентация №1**

**Адамбекова Айдана** 1 бет: Жер – елдіктің белгісі, ол халық бірлігінің, оның тұтастығының көрінісі. Жерсіз ел болмайды. Жерден айырылу – елден, елдігінен айырылу деген сөз. Қазақстан Республикасының қазіргі мемлекеттік шекарасы осыдан тура 100 жыл бұрын, яғни, өткен ғасырдың 20-жылдарында Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Социалистік Кеңес Республикасының әкімшілік-аумақтық шекарасы болып анықтала бастады.

2 бет. 1920 жылдың маусымында Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Автономиясын құру туралы жобаға байланысты РКФСР Ұлт істері Халық Комиссариатына «Қырғыз (қазақ) өлкесінің территориясы мен шекарасы» деген құжатты ұсынды. Олар қазақтың байырғы жерлерін бір ғана Қырғыз (Қазақ) Автономиясына беру мүмкін еместігін, бұлай істеу тек буржуазиялық ұлтшылдардың күшеюі мен билігінің кеңеюіне әкеп соғатынын ескертті.

3 бет. Сондықтан, бұл авторлар Қазақ республикасынан Орал облысының Гурьев, Лбищенск және Орал уездерін, Торғай облысынан Қостанай уезін, Ақмола облысының Петропавл, Омбы, Көкшетау уездерін мүлдем шығарып тастауды ұсынды.

4 бет. Алдын ала жоспарланған осы маңызды жұмыспен айналасу үшін облыстардан уәкілдер Орынбор қаласына шақырыла бастады. Солардың арасында қазақ халқының аяулы ұлдарының бірі, еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен «Алаш» өкілі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әрі ғалым, ұстаз, белгілі ағартушы Әлімхан Әбеуұлы Ермаковтің атын ерекше атауға болады.

**Абдрашева Аяна** 5 бет. Ә.Ермаков Омбы, Орынбор кейін Мәскеуде жасаған баяндамаларында ең алдымен, шекара белгілеуде үлкен маңызға ие болып отырған Қазақстандағы жер мәселесінің тығырыққа тіреліп тұрғандығына басты назар аударады.

6 бет. 1920 жылғы 9-10 тамызда БОАК Төралқасы жанында барлық мүдделі мекемелер мен ведомстволардың мәслихаты болып, онда Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқаруға байланысты және оның Ресей Федерациясымен шекарасы және өзара қатынастары туралы мәселелер талқыланды.

7 бет. Онда, Қырревкомнан С.Пестковский, Ә.Жангелдин, А.Кулаков, А.Мырзағалиев, Ә.Әлібеков, П.Петровский; Қазақ-станның облыс

орталықтарынан – С.П.Милютин, Д.Темірәлиев, Ә.Ермеков, Оразаев, Түрккомиссияның Орталық Комитетінің мүшелері Г.И.Сафаров, Т.Рысқұлов, Сібревком, Омбы, Астрахан, Челябинск облыстық атқару комитетінің басшылары және басқа да жауапты адамдар қатысты.

**Жұмажан Наргиз** 8 бет. Осыған байланысты Ә.Ермеков Қазақ өлкесінің жағдайы мен оның шекарасын белгілеу мәселелері бойынша Халық Комиссарлары Кеңесінің мәжілісіне дайындалады. Мәжіліс 1920 жылдың 17-тамызында өтеді. Төрағасы В.И.Ленин болған ХКК-нің осы отырысында Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Республикасын құру туралы жоба жасалды.

9 бет. Бұрын В.И.Ленинмен телефон арқылы сөйлесіп (1918 ж. наурыз) таныс болған Ә.Ермеков енді оның алдында баяндама жасау мүмкіндігіне ие болады. Ә.Ермеков бүкіл өміріне өшпес із қалдырған бұл оқиға жайында өз қолымен естелік жазып қалдырған екен. Бұл қолжазба бүгінде ұлы Мағауия Ермековтің, журналист-жазушы Нөгербек Мағзұмұлының жеке архивтерінде сақтаулы.

10 бет. Сонымен бірге, белгілі жазушы Жайық Бектұров «Орталық Қазақстан» (1989 жыл 3-қыркүйек) газетінде жариялаған «Үш Әлекең» мақала-сында: «Ә.Ермеков ауызекі сөзге шешен болса да, қартая келгенде естелік жазуға зауқы соқпады. Ә.Ермековтің осы ықылас-ниетін біліп, біз кезінде ол кісіге өзінің В.И.Ленинмен кездесуі жайлы естелік жазуына себепші болдық» – дейді.

11 бет. Енді осы естеліктерге сүйене отырып, Ә.Ермеков қатысқан В.И.Лениннің басшылығымен болған Қазақстан шекарасын анықтауға байланысты жиналған комиссияның жұмысына тоқталайық: Бірінші болып орталық үкіметтің уәкілі Г.И.Сафаров баяндама жасаған.

**Амангелді Гүлден** 12 бет. Ол патша үкіметінің отаршылдық саясат кезінде, әсіресе, Столыпиннің басқыншылық, озбырлық саясаты тұсында қазақтың шұрайлы егіндік, шабындық жерлерінен айырылған еңбекші бұқараның атамекендерін, мәйектерін, жайлауын, күзегін өздеріне қайтарып, ондағы орыс кулактарын көшіру қажеттігін айтып алға тартқан.

13 бет. Сафаровтан кейін сөз алған Ермеков өз баяндамасында Қазақ өлкесінің жалпы жағдайына тоқталады: «... Каспий теңізі теріскей жағасындағы ұзындығы 70-80 шақырымға, Нарын құмына дейін созылған, шаруашылыққа тиімді шығанақ-бұғазды орыс помещиктеріне, алпауыттарына әперілген, басқаша айтқанда. П.А.Столыпиннің мемлекеттік думада «Қазақ жерін игеру» деуінен кейін «Миллионный фонд» – деп аталған өңірді және Ертістің қазақ жерінде ағатын өне бойының екі жағын, сібірлік казак-орыстарға тартып әперген жерлерді болашақ Қазақ республикасына қосу керектігін мен айттым» дейді естелігінде.


14 бет. Сонымен бірге, Каспий-Атырау жағасындағы Астрахан жақ алаптағы бұғаз-шығанаққа тоқталып, осы аймақты болашақ Қазақ автономиясына қосу мәселесін көтергенде бұл ұсынысқа партияның көрнекті қайраткерлері Ш.З.Элиава, Н.П.Брюханов, Н.Н.Крестинский, Астрахань губаткомының төрағасы ашық қарсы шығады.

15 бет. Әлімхан Ермеков тамыздың 17 мен 24-і күндері жасаған баяндамалары барысында, талан-таражға түскелі тұрған Қазақстанның жарты жерінің тұтастығын сақтап, аман алып қалады. Осындай қызу талас-тартыстардан соң Ленин: «Қаулы дайын. Әлімхан Ермековтің қайта баяндама жасағаны дұрыс», – деп тұжырады. Нәтижесінде, тамыздың 24-і күні Ленин Автономиялық Қырғыз ССР-і туралы құжатқа қол қойса, 26 тамыз күні құжат заңды күшіне енді. Сөйтіп, бөліске түскелі тұрған жеріміз бүгінгі ұрпақ игілігіне тұтасымен көшті.

### Талқылауға арналған сұрақтар:

- 1 Ермеков пен Лениннің қарым-қатынасы жайында не айта аласыздар?
- 2 Әлімхан Ермеков жайлы не білесіз?
- 3 Орталық үкіметтің уәкілі Сафаров баяндамасы туралы не айтуға болды? Ол баяндамасында қандай мәселені алға тартқан?
- 4 Қырғыз(Қазақ) өлкесінің территориясы мен шекарасы» құжатының авторлары Қазақ республикасынан қандай облыстарды мүлдем шығарып тастауды ұсынды?
- 5 Ә.Ермеков қатысқан В.И.Лениннің басшылығымен болған Қазақстан шекарасын анықтауға байланысты жиналған комиссияның жұмысында қандай мәселе қозғалды?
- 6 Жайық Бектұров «Үш Әлекең» мақаласында Ә.Ермеков туралы не дейді?
- 7 Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің төралқасы жанында өткен мәслихатқа кімдер қатысқан?

### Фотосессия:



Сафронган кейін сөз алған Ермеков өз басшылығымен Қазақ аймағының жағдайына тоқталды:

«...Қасиеті тегін теріскей жағдайымызға ұлағатына 70-ші шақырымға, яғни құрбаны дейін созылып, шаруашылыққа тиімді аймақтар-бұталы өрес: инвестицияларға, аймақтарға арналған аймақтар, әулеті кейін «Мәдениеттік Фонд» – деп аталған өмір және Еркістің қалам жерінде негізгі өміс бойымен өміс жасап, он шақырымнан қатарластары мені алып, сыйрап: қалам-орыстарға тартып анықтан жергілікті болымыс Қазақ республикасына көңіл бергенін мен айтыпмы дейді есеуінде»

Енді осы есеуіңізге сүйеніп отырып, **Ә.ЕРМЕКОВ** қатысқан В.И.Лениннің басшылығымен болған Қазақстан аймақтарының аймақтары жиналған комиссияның жұмысына тоқталайық: Бірінші болып Кеңестік Түркістан Республикасында, әсіресе, Жетісу өлкесінде жер реформасын жүргізу туралы бастапқы комиссияның ұсынысы менің Г.И.САФААРОВ бандасына жасаған, Ол:

Круглый стол посвященный 100 летию соевещания у В.И.Ленина с участием А.Ермекова по границам КазССР

Тема кураторского часа:  
«Он присоединил КазССР»

Экран Жанар Біләлова

Амангелді Гүлден

Спасибо за внимание!

Экран Жанар Біләлова

**ТАЛҚЫЛАУ А АРИАЛАН СУРАҚТАР:**

1. Ермеков мен Лениннің қарым-қатынасы жайлы не айтқан едіңіздер?
2. Ермеков Ермеков жайлы не білетіңіз?
3. Ортауға үлкеніңіз уәкілі Сафронган биологиясы туралы не айтқан едіңіздер? Ол биологиясына қандай үлесін қосты?
4. Сафронган Қазақ аймағының территориясы мен аймақтарының аймақтары Қазақ республикасының қандай аймақтарына қараған еді?
5. Ә.Ермеков қатысқан В.И.Лениннің басшылығымен болған Қазақстан аймақтарының аймақтары жиналған комиссияның жұмысына қандай үлесін қосты?
6. Жергілікті Кеңестік Түркістан Республикасында О.Ермеков туралы не білетіңіз?
7. Екітесіңіздің Ортауға Аймағы Комитетінің тарихына жайлы не айтқан едіңіздер?





